

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы жүргізетін тез қайтымды инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 маусым N 733.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес экономикалық жаңғыртулардың жаңа кезеңін іске асыру мақсатында, шағын және орташа бизнес кәсіпорындарын қолдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Импорт орнын басуға және экспортқа бағдар алған шағын және орташа бизнес кәсіпорындары арасында тиімділігі жоғары және тез қайтымды инвестициялық жобаларды іріктеу жөнінде конкурс өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1996 жылғы 20 маусымға дейінгі мерзімде жеткіліксіз көлемі импортпен толықтырылатын өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласының басым бағыттарының тізбесін анықтасын.

3. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

Кредит ресурстарын орналастыру жөнінде қазақстандық банктердің арасында конкурс өткізу туралы ереже;

Конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу туралы, сондай-ақ тез қайтымды инвестициялық жобаларды қаржыландыру туралы ереже.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің келісімі бойынша Кредиттік ресурстарды орналастыру жөнінде қазақстандық банктер арасында конкурс өткізу туралы ережеге сәйкес 1996 жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде жобаларды іріктеу, бизнес-жоспарларға сараптау жүргізу, кредиттермен қызмет көрсету, сондай-ақ бірлесіп қаржыландыруға қатысу үшін екінші деңгейдегі өкілетті қазақстандық банктерді анықтасын.

5. Қосымшаға сәйкес Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

6. Импорттың орнын басуға және экспортқа бағдар алған тиімділігі жоғары

және тез қайтымды инвестициялық жобаларды қаржыландыруға арналған материалдарды, конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде, заңды тұлғалар өкілетті банктерге конкурсқа беретін болып белгіленсін.

7. Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия конкурсқа түскен және өкілетті банктерден оң қорытынды алған инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асырсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары В.В. Соболевке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 маусымдағы

№ 733 қаулысымен

бекітілген

**Конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ
тез қайтымды инвестициялық жобаларды қаржыландыру туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

Инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеудің негізгі мақсаты - Қазақстан экономикасын дамытудың басым бағыттары бойынша мемлекеттік қаржыларды пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Конкурсты өткізудің басты міндеті - импорттың орнын басуға және экспортқа бағдар алған шағын және орташа бизнес кәсіпорындарының тиімділігі жоғары және тез қайтымды инвестициялық жобаларын іске асыру болып табылады.

Жобалар бұқаралық ақпарат құралдарында конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде өкілетті банктерге ұсынылады.

Жеке жоба бойынша үкіметтік кредит мөлшері 1.0 млн. АҚШ долларына баламды сомадан, жобаның қайтымдылық мерзімі 2 жылдан аспауға тиіс.

Осы Ереже конкурсты ұйымдастыру мен өткізудің шарттарын, банктер мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Инвестициялық жобаларды бағалау мен іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) құқықтары мен міндеттерін, конкурсқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, жобалау құжаттарына қойылатын негізгі талаптарды, осы ұсыныстарды қарау рәсімдері мен конкурс нәтижелерін рәсімдеуді, сондай-ақ жобалауды қаржыландыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары

Конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жарияланған кейін 30 күн ішінде инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеуге қатысуға үміткерлер екінші деңгейдегі өкілетті банктерге екі дана етіп төмендегі құжаттарды:

конкурсқа қатысуға арналған өтінімін;
кәсіпорынның нотариус куәландырған жарғысы мен құрылтайшылық құжаттардың көшірмесін, тиісті қызметпен айналысуға құқық беретін лицензияны;

кәсіпорынның қаржылық хал-ахуалы мен кредиторлық қарызы туралы қызмет көрсететін банктің мәліметін;

аудандық салық инспекциясы куәландырған N 1 және N 2 үлгідегі қосымшасымен өткен 2 жылдың және ағымдағы жылдың есеп беру кезеңіне арналған бухгалтерлік балансты;

шикізаттар мен материалдарды, технологиялар мен жабдықтарды жеткізуге, дайын өнімдерді өткізуге арналған контрактылар жасау жөніндегі ниеті қоса берілген техникалық-экономикалық негіздемені және осы инвестициялық жобаға қатысы бар басқа да құжаттарды;

нотариус куәландырған қаржылық және (немесе) мүліктік кепілдіктің және (немесе) өтімділігін жеткілікті түрде қамтамасыз ететін үшінші жақтың кепілдігінің көшірмесін ұсынады.

Аталған инвестициялық жобалардың технологиялық және техникалық-экономикалық есептеулердің негізділігі, инженерлік шешімдер мен тиімділігі көрсеткіштерінің дәйектілігі, өтімділігі мен қаржылық орнықтылығы техникалық-экономикалық негіздеудің міндетті түрде құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеудің ерекшеліктері:
жобаны іске асыруға арналған шығындардағы кредит ресурстарының жалпы үлесі оның өз құнының 80 процентінен аспауға тиіс;

жеке меншік кәсіпкердің меншікті қаражатының үлесі (жарғылық капитал, пайда және басқа да қорлар) аталған шығындардың 20 процентінен кем болмауға тиіс;

жобаларды іріктеу кезінде қаржылық лизинг негізінде сатып алынған жабдықтардың жобалары басымдылықты пайдаланады;

К о н к у р с қ а :

қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрған, сондай-ақ қолданыстағы заңдарға сәйкес қандай бір шектелуі бар кәсіпорындар;

жалған немесе күмәнді ақпарат бергендер;
қажетті құжаттарды, сондай-ақ қаржылық міндеттерін орындауға қатысты тиісті кепілдік бермегендер қатыстырылмайды.

3. Комиссия жұмысының тәртібі

Өкілетті банктер конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жобалар жинауды, бизнес-жоспарларды сараптауды, алға қойылған талаптарға сәйкес барлық құжаттарды тексеруді жүзеге асыруды, сонан соң Комиссияның қарауына жататын объектілердің тізбесін анықтайды.

Комиссия қажет болған жағдайда жобаларды қосымша сараптаудан өткізеді және белгіленген тәртіппен соңғы рет берілген жоба бойынша банктерден материалдар түскеннен кейін он күндік мерзімде қаржыландыруға жататын жобалардың ақырғы тізімін бекітеді.

Кредиттік ресурстарды толық орналастырмаған жағдайда Комиссия жобаларды сараптау жөніндегі келесі турды өткізудің мерзімін белгілейді.

4. Жобаларды қаржыландырудың тәртібі мен шарттары

Қаржыландыруға өкілетті банктер берген және Комиссия бекіткен жобалар тізімі негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілетті банктермен 3 жылға дейінгі мерзімге жылына 4 проценттік, бұзу құқығынсыз, жобаны іске асыруды банк немесе Комиссия тоқтатқан жағдайларды қоспай, кредиттік шарттар жасасады.<*>

Әрбір өкілетті банкке бөлінетін кредиттер лимиті өз капиталына сайма-сай айқындалады және банктер берген жобаларды Комиссияның бекітуі бойынша толтырылады деп белгіленсін.<*>

Банктер займшыларға кредит беруді либор+2 проценттен аспайтын ставка бойынша іске асырады.<*>

Кәсіпорын-займшылар жобаларды қаржыландыруды қажетіне қарай банктің кредиттік бөлімшелерінің бақылауымен іске асырады.<*>

Жобаны толық көлемінде мерзімінен бұрын жүзеге асырылған және кредиттік берешек мерзімінен бұрын өтелген жағдайда кәсіпорын импорттың орнын ауыстыратын өндірісті кеңейтуге немесе толықтырушы өндірістерді дамытуға бағытталған жаңа жобаны қарауға айрықша құқық алады.<*>

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жоба бойынша кредитке берілген, Комиссия қаржыландыруға қабылдаған сомаларға қатысты міндетті резервтеу нормаларын өкілетті банктерге қолданбау ұсынылсын.<*>

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.06.21.

№ 768 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
13 маусымдағы № 733
қаулысына
қосымша

**Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрі, Комиссияның төрағасы

Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің орынбасары, Комиссия
төрағасының орынбасары

Дүйсенбеков Ж.О. - Қазақстан Республикасының Құрылыс,
тұрғын үй және аумақтарда құрылыс
салу министрінің бірінші орынбасары<*>

Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі төрағасының орынбасары
(келісімі бойынша)

Мұхамеджанов Б.Ғ. - Қазақстан кәсіпкерлері конгресінің
вице-президенті (келісімі бойынша)

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.12.11.

№ 1520 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
13 маусымдағы № 733
қаулысымен
бекітілген

**Кредиттік ресурстарды орналастыру жөнінде қазақстандық
банктер арасында конкурс өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже 1996 жылы тез қайтымды инвестициялық жобаларға қызмет көрсетуге арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржыларын орналастыру жөнінде екінші деңгейдегі қазақстандық банктер арасында конкурстық іріктеу жүргізудің шарттарын белгілейді.

2. Конкурсты ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі болып табылады.

3. Конкурсты өткізуді мына құрамдағы комиссия жүзеге асырады:

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі конкурсты өткізу жөніндегі Комиссияның (одан әрі - Комиссия) жұмыс органы болып белгіленсін.

5. Екінші деңгейдегі банктерді анықтау жөніндегі конкурс Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде 1996 жылғы 20 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен бірге өткізіледі.

6. Конкурстың негізгі шарттары:

банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бұрын берілген құжаттарды, пруденциалдық нормативтерді соңғы 6 ай бойы сақтауы;<*>

банкте 4 млн. АҚШ доллары, баламдығынан асатын өз капиталының болуы;<*>

банкте инвестициялық жобаларды іріктеу және сараптау, қаржыландыру және оларды іске асыруды бақылау жөніндегі бөлімшелер мен жұмыс тәжірибесінің болуы; <*>

банктің инвестициялық жобаларды бірлесіп әр жобаның кем дегенде 10 проценті сомасына қаржыландыруға қатысу мүмкіндігі.<*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.06.21.

№ 768 *қ а у л ы с ы м е н .*

7. Конкурсқа қатысу үшін Комиссияның мекен-жайына: өтініш берушінің мөрімен куәландырылған конкурсқа қатысу үшін өтініш; конкурстың негізгі шарттары бойынша банктің ұсынысы туралы ақпарат беріледі.

Комиссия қатысушыларға конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарда жария етілетін қосымша шарттар қоя алады.

8. Құжаттар комиссияға мөрленген түрде беріледі және комиссия арқылы

қабылданады. Белгіленген мерзімнен кейін түскен кез келген конкурстық ұсынысты Комиссия қабылдамайды.

9. Конкурстық ұсыныстарды Комиссия қарайды. Барлық берілген ұсыныстарды қарағаннан кейін Комиссия өкілетті жеңімпаз банкті белгілейді.

10. Конкурстың нәтижесі бойынша Комиссия хаттама жасайды. Хаттамаға қорытындысы шығарылған күні Комиссияның барлық мүшелері және банк өкілдері қол қояды.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хаттамаға қол қойылған күннен бастап үш күндік мерзім ішінде тиісті банктермен тез қайтымды инвестициялық жобалармен қызмет көрсетуге арналған шарттарды рәсімдейді.

12. Өкілетті банктер:

конкурсқа қатысуға арналған құрылымды, құжаттар тізбесін және Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия бекітетін құжаттар тізбесін нақтылайды;

жобаларды іріктеу жөнінде конкурс жариялайды, жобаларды жинастырады және сараптама өткізеді;

ақша түрінде кредит бөлу жолымен немесе сатып алынған жабдықтардың қаржылық лизингісі негізінде жобаны қаржыландыруды жүзеге асырады. Жобаларды қаржыландыру сондай-ақ мүдделі ұйымдардың, банктердің, қорлардың, халықаралық қаржы институттарының және басқа да жобалар бойынша әріптестердің үлестік бірлесіп қаржыландыру үлгісінде жүзеге асыра алады;

қолданыстағы заңдарға сәйкес кепілді қамтамасыз ету болған жағдайда қозғалмайтын объектілер, жабдықтар мен технология немесе үшінші жақтың кепілдігі түрінде кредиттеуді жүзеге асырады;

кредиттердің мақсатты пайдалануына және қайтарымдылығына жауап береді;

ай сайын Инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияға жобаларды қаржыландырудың барысы туралы хабардар етеді.